

Магистратураға немесе резидентураға түсуші тұлғалар: ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде:

- 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін түрде өтінішті;
 - 2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа) (магистратураға түсу үшін);
 - 3) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
 - 4) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;

5) 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама (түпнұсқа + көшірме), флюорографияның суреті, 063-у нысанының көшірмесі (егу картасы, көшірме);

Белгілі бір аумакта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

- 6) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:

ағылшын тілін менгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 6.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 87;

неміс тілін менгеру бойынша:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau C1 (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулзуган ниво C1) (DSH, Niveau C1) (ДІСИІЧ, ниво C1) – C1 денгей;

TestDaF-Prufung Niveau C1 (тестдаф-прюфун ниво C1) (TDF Niveau C1) (ТДИЭФ, ниво C1) – C1 денгей;

француз тілін менгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) - оку және тындау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтиод ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2
дэнгэйинен төмөн емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - C1 денгей;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (TCФ), шекті балл кемінде – B2 деңгейінен төмен емес;

- 7) еңбек қызметін раставтың құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);
8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген күжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден күжаттарды қабылдамайды.

Окуға қабылдау кезінде жоғарыда аталған күжаттармен бірге қабылдау комиссиясына мына күжаттарды тапсыруі қажет:

- 1) Университет Ректорының атына белгіленген нысан бойынша өтініш;
 - 2) білім беру грантын беру туралы куәлік;
 - 3) білім беру қызметтерін көрсету туралы келсім шарт.
 - 4) Конверт (қағаз түрдегі) 11x22см А4;
 - 5) Қағаз түріндегі папкасы.